

8. Нұрғали Р. Айдын. Қазақ драматургиясының жанрлық жүйесі. – Алматы, 1985. 435б.

9. Лихачев О.С. Театр және драматургия туралы. – Москва, 1958. 1-2 т.

\* \* \*

В статье рассматриваются исследовательские работы по казахской драматургии Р. Нурғали

*Р. С. Жақсылықбаева*

## ҚАЗАҚ ӘДЕБІНІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

Қазақ этикасы – қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесін моральды, адамгершілікті зерттейтін философиялық пән. Қазақ топырағында әдептануды арнаулы ілім ретінде қарастырған ғұлама-философ, әмбебап ғалым – Әбу Насыр әл-Фараби. Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастары «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолында» деген зерттеулерінде ерекше назар аударылған [1].

Қазақ этикасының ежелгі бастау қайнар көздері үш мың жылдай Еуразияның Ұлы даласында өркендеген скиф-сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мен түрік бірлестіктерінің мол мәдениетінен нәр алады.

Іргелі жазба мәдениет арқасында тәрбие алып есейген бүгінгі ұрпақ ұлттық мәдениет пен дүниетаным, салт пен дәстүр секілді мыңдаған жылдар бойы қалыптасып, өркен жайған ұғымдардың негізінде ауызекі дәстүрдің жатқандығын ескере бермеуі де мүмкін. Көшпенділер өркениетінде жатқа айту, немесе ауызекі дәстүрі мұрағат, кітапхана, мектеп, барлық ақпарат құралдар міндетін өз мойнына алып, бұрынғы өмір салты түбегейлі өзгеріске ұшырап, бүгінгі жазба дәстүрі біржола салтанат құрғанға дейінгі кезеңде аса үткен міндет атқарып келді. Сондықтан да халық барлық өнер атаулыдан ауызекі айту дәстүрін жоғары қойып, «Өнер алды – қызыл тіл» деді.

Ал осы ұлттық мәдениеттің іргетасын құрған ауызекі дәстүрдің халық арасындағы ірілі-кішілі сөз өнері жампоздарынсыз өркен жайып, дамуы тіптен мүмкін еместігі де даусыз шындық. Орта ғасырлар, одан да ерте кезеңдердегі рухани мәдениеттің жиынтық көрінісі, тұтас тарихи дәуірлерді қамтып, бүгінде бүтін бір мәдениеттердің іргетасына айналған «Махабхарата», «Манас», «Калевала», «Қыз Жібек», «Қобыланды» сияқты эпикалық мұралардың кейінгі замандарға жетуі де солардың ұлы азаматтық еңбегі екендігі даусыз. Халық даналығы

бір күндік өткінші нәрсе мен мәңгілік қасиеттерді ажырата білуді парасаттылықтың алғышартына жатқызады.

Қазақ ауыз әдебиетінің көптеген жанларының ішінде, соның ішінде, батырлар жыры мен ғашықтық жырларда шынайы махаббат, адам жан дүниесінің пәктігі, тазалығы, адамгершілігі, ізгілігі және бас бостандығын аңсаған жастар, ескі әдет-ғұрып, салттан туған теңсіздік, қайғы-қасірет, күйініш суреттеледі. Әсіресе, адам бойындағы біреу үшін өзін құрбандыққа қия білу, жақынға достық көмек, кеңпейілділік, ақылдылық және әділділік сияқты қасиеттер ерекше жырланады. Мәселен, «Ер Қосай» жырында алты жасында әкесінен қалған Қосай қырық баламен асық ойнап жүргенде, аттылы жүз адам келеді. Сонда Қосайдың айтқаны:

«Аққа мойным бұрайын,  
Сендерді көзім көрген соң,  
Сұрамай нағып тұрайын?  
Біреуің маған келмесең,  
Елдігінді ұрайын!  
Екеу емес, үшеу емес,  
Кіндіктен тудым жалғыз тақ,  
Мырзаларға келуім ақ,  
Аруақ маған жар болса,  
Ұялып жүрме, ей, бейбақ!» - дейді [2, 17 б].

«Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» жырында да Қарадөң он бес жасқа келгенде Токсан баулы ноғайлының ханы жиналған топқа келіп былай деген екен:

«Қарадөңдей жас бала,  
Дұшпанменен қас бала,  
Сегіз жасқа келгенде  
Алысар жауын көздеді,  
Өз қатарын іздеді.  
Жаманға жүдә ермеді,  
Жаманның бетін көрмеді,  
Жақсылар сөз сөйлесе,  
Отырып сөз тыңдады.  
Жаманның ісін қылмады,  
Жасы үлкенді сыйлады...», - дейді [2, 74-75 бб].

Тарихи кезеңдердің жаңа дәуірі туғанымен ешқашан құнын жоймайтын моральдық-этикалық категорияларға: ар, ұят, намыс, абырой,

ұждан, абырой, борыш, парыз, борыш т.б. жатады. Оған қазақ халқының «Ақылды болсаң, арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Жігіттің құны - жүз жылқы, ары - мың жылқы», «Ұят кімде болса, иман сонда», «Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі», «Өз ұятын білген кісі, бір кісіге төрелік береді» т.б. деген мақал-мәтелдері дәлел бола алады. Қазақ халқы ар-ождан, абыройды қатты қастерлеген, оны адамгершіліктің туы етіп көтерген, сондықтан жастарға бата бергенде «Абыройлы бол!», «А, құдай абыройыңнан айырма» - деп тілек білдіріп отырған. Ал, намыс – адамның ішкі сезімі, абыройды қорғайтын құралы. Намыс – адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өткір, күшті лап етпе сезім. Ол адамды жаман әрекеттерден сақтайтын таза ұлы қасиет.

«Болат-Жанат» дастанында неше түрлі қиыншылық, бөгеттер, оларды жеңудегі оның шыдамдылығын, өмірге деген құштарлығы, жақсылыққа деген сенімі, ақылдылығы, тапқырлығы, қулығы таңғалдырып отырады. Болат пен Жанаттың әкесі Мақалбай саудагер жол жүрер алдында ұл-қызына мынадай өсиет айтады:

«Ұлы-қызым – шырыным,  
Тілінен шықпа пірінің,  
Жасыңнан әдеп үйренсең,  
Әркімнен озар ілімің...», - дейді [3, 19 б].

Халқымыз «жақсы» деген ұғымды адамгершілікке балайды. Өйткені, ел адамгершілігі мол адамды «жақсы адам» деген.

«Құлқаныс – Зеберше» дастанында Құлқанысқа сырттай ғашық болып, қапа болған Қаныстың айтқаны мынау екен:

«Жаманға ұйқы – жолдас, тамақ – тамыр,  
Көріп ем бір көргеннен сізді тәуір.  
Сәулетінің сыпайының түзде көр деп,  
Шынымен болғаның ба бір оңбағыр!  
Ақиқат шыққанынша бір терең сыр,  
Арбамен асықпаған қоян алар,  
Құдайдың мың бір аты, бірі – сабыр.  
Жаманға ұйқы жолдас басқадан да,  
Ақылы өз басынан аспағанға.  
Ойланбай қылған істің түбі ойран,

Сары алтын сабыр түбі саспағанға...», - дейді [3, 87-88 бб].

Қазақтың ұлан-байтақ жері қай кезде де, қай кезеңде де ел мұңын, ел жырын жырлаған дарабоз ақындарға кенде болмаған. Сондай аса дарынды, маржан сөздің майын ағызған жыраулардың бірі – Қабан ақын.

Қабан жыраудың:  
Дүниеде ешбір қатер жуымайды,  
Әркім ие боп жүрсе өз аузына.  
Басына бәле адамның тілден болар,  
Сол тілден ұрынады сөз дауына...  
Ауызбірлік жоқ жерде  
Қиянатты қият бар.

Ұяттың иман қабы дер,

Имандыда ұят бар, - деген өлең жолдары бар [4, 11-12 бб].

Ислам дәуірі әдебиеті мен қазақ ақын-жыраулары поэзиясы арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығын сөз еткенде, мықтап ескертін бір жәйт бар. Кез келген халық әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы сол қоғамдағы тарихи жалғастықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Ал тарихи жалғастық дегеніміздің өзі, ең алдымен, ақыл-парасат жалғастығы екені белгілі. Өнер біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы шындыққа сыймайтыны сияқты, қайырымдылықтың, этикалық және интеллектуалдық бәріне жаратылысынан толық бейім адамның болуы шындыққа сыймайды, ол мүмкін емес.

Қазақ этикасының қалыптасуына Қорқыт ата үлкен үлес қосты. Оның үлгі-өнеге, өсиет-нақыл сөздері қазақтармен қатар барша түрік халықтарында кең таралған. Қорқыт жырлары–имандылық пен ізеттілік, адамгершілік пен парасаттылыққа меңзейді [5].

Қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесінің басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мән-мазмұны, ерекшеліктері бар. Біздің пайымдауымызша, моральдық-этикалық дәстүрлер дегеніміз – моральдық сана тәжірибесіне ендірілген, адамгершілік қатынас мазмұнында көрініс тапқан моральдық ережелер мен нормалар.

Кезінде сенімді серігі болған Қойгелді батырды Төле би мұны бір сынайыншы деп: «Қойгелдім, адам қайтсе адам болады?», - дейді. Сонда өзін сынап отырғанын сезген Қойгелді мүдірмейді: «Меніңше, Төке, дүниеге жоқтан бар болып келген соң адам баласы тәрбиемен адам болады. Тәртіпті, тәрбиелі бала жаманшылықтан аулақ жүреді. Ал тәрбиесіз бала тәртіпсіздікке, жаман іске үйір келеді, соған бейімделеді. Бала тәрбиенің жоқтығынан бұзылады», - дейді [6, 10 б].

–Ұятты қалай түсінесің?- деген сауалға Қойгелді батыр: «Меніңше ұят дегеніміз – сенім, тәрбие», - деп жауап берген екен. [6, 12 б].

Адам баласының қоғамда бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы – тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Ол егер айналасындағыларға қайырымды да адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамдық тұрғысынан реттейтін болса, нағыз адамгершілігі мол жан болып шыға келеді де, қоғамдағы сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында халықтық әдеп, шынайы шындық мәселелері кеңінен орын алған. Мәсе-

лен, Қарашоқыға жазықсыз жаламен Қодар мен Қамқаны өлтіруге алып келгенде, ашынған Қодар зор дауыспен барынша: –Ақ-қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан, қара бет?!-деп, қанталаған көзімен Құнанбайға бұрылып, атып жіберердей қарағанын білеміз [7, 36 б].

«Баласы атқа қонып, жүруге ыңғайланып, тізесін қымтай бергенде Ұлжан өзінің үлкен ақ саусақтарын жирен аттың жалына салды. Бір нәрсе айтатын сияқты. Абай осыны аңғарып, анасының жүзіне қарағанда, Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып:

– Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін. «Күндестің күлі күндес» дегенді сен білмей-ақ қой. Бөжекеңді көрген жерде сәлемінді түзу бер. Бір кезде жақсы жақының еді. Кім тентек, кім мақұл? Қайдан білдің? Әкең дұшпан десе, сен әділ бол! Жамандыққа кім табылмайды дейсің, жан ашырдан айырылма!»-деді [7, 96 б].

«Абай тоқтаған қалпында бойын тез жиып, аттылардың алдында жұмысы бар кісідей көлденендеп кеп, тосып тұрды. Аттылар мұның қозғалысын оқыс көрді ме, немесе таныды ма, аттарын баяу бастыра бастап еді, жақындап, тұстас келді.

Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша тағзыммен төсін басып, қатты дауыстап:

– Ассалаумағалайкүм! – деп сәлем берді.

Абай көптен бері ешкімге бүйтіп сәлем беріп көрген жоқ. Қарқаралыға

келгелі Бөжейдің көрінгені осы. Шешесінің жүрердегі сөз есіне түсті ме, болмаса қазіргі көңіл күйіне сай келді ме?.. Қалайша бүйтіп әдеп шығарғанын Абайдың өзі де байқамай қалған-ды.

Өзге қазақтан бөлек, мына сияқты, бір алуан сыпайылыққа Бөжей оң назарын салды білем... атының басын тежей беріп:

Уағалайкүмәссәләм, балам!.. – деп тоқырай қалды. [7, 112 б].

– Ендеше сізбен қалай араздасқанын мен өз әкемнен ғана біліп қойсам, мына Әділбек пен Асылбек ағам сізден ғана ұғынып қойса не болады? Анық шынға жете алмай, сыңар жақ кетеміз ғой. Бірден адасамыз. Екіншіден, бала мен бала, мына біздер, сырттан қырбай, сырттан шалғай кетісеміз ғой. Сіз маған, менің әкем бұл кісілерге айтып отырса таразының басы тең баспас па еді?

Сүйіндік те, үй іші де Абайдың мына дәлелдерін дұрыс көрді. [7, 143 б].

Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген,

ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Адамгершілік – адамның рухани арқауы.

Қазақ тілінде әдептілік, сыпайылық, ізеттілік деген сөздердің түп мағынасы бір. Ол – адамгершілік. Яғни ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, шыншыл және әділетті болу, сондай-ақ адамның көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білуі.

Адамгершілік адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, әлі де жетіліп келеді.

Сүйінбай ақын өлеңдерінде де дүние қуған пендешілігі, кісіліктің парқын малмен өлшейтін бейшаралық, кедей сорлының жалғыздықтан көрген жаутаңкөздігі, мақтанның көбігінен өз суретін көруге құштар даңкеуде, жер дауын, жесір дауын қоздырып, арасынан пара алып, ел көзіне көсемсіп көрінетін екі жүзді билер мен зорлықшыл бектер қатар сыналады. Мәселен, «Әділеттік орнаса...» атты өлеңінде:

Жау басынар халықты,  
Басқарушы оңбаса.  
Малша айдап адамды,  
Орынсыз күштеп зорласа.  
Ауға түскен балықтай,  
Шыға алмассың бұлқынып,  
Әділетшің болмаса.  
Күннің көзін жасырар,  
Аспанды бұлт торласа,  
Елдің бағы ашылар,  
Әділеттік орнаса... [8, 33 б].

«Сөз асылы сөзде болады», - деп нақыл сөз қалдырған Сүйінбай ақын «Жақсы менен жаманның айырмасы» атты өлеңінде:

Жақсының сөзін әркім пайдаланар,  
Миуалы алма-өріктің ағашындай.  
Жаманның көкірегі көр, көзі соқыр,

Жүрер жолдан тал түсте адасып-ай! – дейді [8, 43 б]. Бұдан жақсылық пен жамандық адамның іс-әрекеті арқылы өлшенетіндігін, бұл іс-әрекеттерден моральдық қасиеттер туындайтындығын аңғаруымызға болады. Демек, моральдық қасиеттерге ие болған адам адамгершіліктің не екенін жақсы түсінеді.

Адамгершілік халықтың әдет-ғұрыптарымен, дағдылы дәстүрлерімен тығыз байланысты. Ол жеке адамға сыртқы дүние сияқты болса да, сайып келгенде онымен бірдей қоян-қолтық қосыла кетеді. Ал мораль болса адамның ішкі сенімділігі, рухани куәландырылуы. Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені, адам – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты.

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 251 б.
2. Ақсауыт. Батырлық дастандар. 2-том. Құрастырған: Нұрмағамбетова О. – Алматы: Жазушы, 1977. 17 б.
3. Қазақ халық әдебиеті. Дастандар. Т. 1. Жауапты шығарушы: Алпысбаев Т. – Алматы: Жазушы, 1990. 19 б.
4. Қабан жырау. Алтын қазық. – Алматы: МГП Берен, 1993. 11-12 бб.
5. Даналардан шыққан сөз: нақылдар жинағы / Құрастырған Ұ. Асыллов. – Алматы: Мектеп, 1987. – 162 б.
6. Төле би мен Қойгелді батыр. – Алматы: Қазақстан, Мерей. 1992. 10 б.
7. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 2003. 36 б.

8. Аронұлы С. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1976. 33 б.

\* \* \*

Автор рассматривает художественное творчество казахских мастеров слова как источник мудрости, основу для выработки нравственных ориентиров, этических норм для современной казахской публицистики.

\* \* \*

Article is devoted research of literary works of the Kazakh masters of the Word. The author considers art creativity as a wisdom source, a basis for development of moral reference points, ethical standards for modern Kazakh publicism.

### Ф. Жапарқұлова

## МАЙКӨТТІҢ АЙТЫСТАҒЫ ШЕБЕРЛІГІ ТУРАЛЫ

Майкөт пен Құлмамбеттің айтыстарының нұсқалары қатарында Қазанғап Байболұлының нұсқасы құрылымдық жүйесінің толықтығы жағынан ерекше көзге түседі. Айтыстың басында Құлмамбеттің толғау сөзі берілген. Онда ақынның өмірінің кейбір қырлары көрініс тапқан. Бұл тұста Құлмамбет өмірдің қызығы мен қиынын да мол көрген жанға ұқсайды. Айтыс алдағы уақытта қырғыз елінде Бәйтiктің аулында болатын той хабарынан басталады. Құлмамбет той болатыны туралы хабарды естісімен оған баруға дайындалғанын, қасына алты жігіт алып, елінен жолына бір мал айтып, атқа мінгенін баяндайды. Жолға шыққанына бес күн өтіп, алтыншы күн дегенде, той жасаған жерге келіп жеткені жайынан да мәлімет береді. Жол-жөнекей тойға кімдердің келіп жатқанын, алыс пен жақыннан кім барын қазақ мен қырғыздың бәрінен сұрап келгенін де айтады. Ақын әңгіме айтушылардан бұл тойда Құдайберген майырдың баласы Рысқұлбек келіп жатқанын, қасында ақын Майкөт барын естиді.

Айтыс үстінде Құлмамбеттің Майкөт туралы, оның осал жерлері туралы қазақ, қырғызға арнайы сұрау салып, алдын ала көп нәрсеге қанығып алғаны белгілі болады. Бұл айтыс ақындарының өз қарсыластарының осал деген жерін алдын ала біліп алуға әрекеттенетін әдетін еске салады.

Құлмамбеттің сөзінен оның Майкөтпен айтысу туралы ойы бары белгілі болады. Той иелері екі ақынды айтысқа түсірместен бұрын, той иесінің үйіне келгенге дейін Құлмамбет Майкөтпен айтысуға ниет қылады. Бұл

Құлмамбеттің өз ойы ма немесе қазақ, қырғыздың айтысқұмар халқының тілегіне сай туған тілек пе – оны кесіп айту қиын. Қалай болғанда да Құлмамбет Бәйтiктің тойына Майкөттің келгенін естіген сәттен бастап онымен айтысуға қамдана бастайды.

Ақын Бәйтiктің он төрт канат ордасына келгенін, әдеппен Бәйтiктің қолын алғанын, үй толып отырған ел жақсыларының бәрінің басын санап амандасқанын жырлайлы. Осылардың бәрі айтыс мәтінінде 56 жолды алады. Бұл, әрине, айтыстың өз құрылымынан тыс, ақынның кейіннен өзі жанынан қосып айтқан түсіндірме, анықтама сипатындағы сөзі еді. Жол бойынша, айтыстың мәтінін жүйеге түсіріп, сөздерін қалпына келтіріп, жүйеге тісіріп жұртқа жеткізу жеңілген ақынның міндеті болған. Құлмамбет айтыстың тарихын, ұзын-ырғасын осы жолға сай айтқан деуге болады.

Айтыстың келесі бөлімі Құлмамбеттің үй толып отырған жақсылармен амандасуына арналады. Ақын үйдегілерге той иесі Бәйтiктен бастап жырман сәлемдеседі. Бәйтiк, болыс Байсал, Сүлеймен, Шолпанқұл секілді қырғыздың бетке шыққандарына арнайы сәлем беріп келіп, қазақ Рысқұлбекке ойысады. Одан соң Майкөтке тиіседі.

Құлмамбеттің құбылып соқтығуына ширығып қалған Майкөттің сөзі Қ. Байболұлының нұсқасында мынадай болып айтылады:

Осы ма жұрт мақтаған Құлмамбетің,  
Майкөтке ауған екен бар ниетін.  
Майкөтті үйде отырған далада деп,  
Көңіліңді аударған ба құдіретім?